

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2002 жылға арналған индикативтік жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 қыркүйек N 1199

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2002 жылға арналған индикативтік жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің әлеуметтік-экономикалық саясатының 2002 жылға арналған негізгі бағыттары) (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін және 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2002 жылға арналған негізгі көрсеткіштерінің болжамы мақұлдансын.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) мүдделі орталық мемлекеттік органдармен келіскеннен кейін 2002 жылға арналған аймақтық индикативтік жоспарларды мәслихаттардың бекітуіне ұсынуды қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) 2001 жылғы 1 желтоқсанға дейін 2002 жылға арналған аймақтық индикативтік жоспарларды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарларын әзірлесін және бекітсін

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар, Көлік және коммуникациялар, Ауыл шаруашылығы және Қаржы министрліктері ұлттық компаниялармен бірлесіп, белгіленген тәртіппен ұлттық компанияларды дамытудың 2002 жылға арналған жоспарларын үстіміздегі жылдың 15 қазанына дейінгі мерзімде бекіту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі орталық

және жергілікті атқарушы органдармен, ұлттық компаниялармен бірлесіп, 2002 жылы тоқсан сайын Жоспардың негізгі көрсеткіштерінің болжамымен салыстырмалы алғанда, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етіп отырсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 14 қыркүйектегі
N 1199 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының
әлеуметтік-экономикалық
дамуының 2002 жылға арналған
индикативтік жоспары
(Қазақстан Республикасының әлеуметтік-
экономикалық саясатының
2002 жылға арналған негізгі бағыттары)

Астана - 2001 жыл

Кіріспе

Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттарын әзірлеген кезде министрліктердің, агенттіктердің, жергілікті атқарушы органдардың, ірі кәсіпорындар мен ұлттық компаниялардың жоспарланатын кезеңге ұсыныстары мен ой-ниеттері ескерілді. Онда 2002 жылы іске асырылуы қажет мақсаттар мен міндеттер белгіленген. Құжат Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған Іс-қимыл бағдарламасына

Р991684_

және
Республика Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауына

К012002_

негізделеді.

1. Үкіметтің саясаты және 2001 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму үрдістері

Қазіргі уақытта Қазақстан тұрақты экономикалық өсуге бағдарланған экономикалық қайта құруларды аяқтау кезеңінде.

2001 жылы Қазақстан экономикасының жоғары қарқынын қамтамасыз еткен негізгі факторлар өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және көлік кәсіпорындарының тұрақты жұмысы, мұнай мен газ өндірудің және олардың экспорты көлемдерінің едәуір өсуі, оларға қолайлы бағалар конъюнктурасы; халықтың және кәсіпорындардың төлеуге қабілетті сұранысының өсуі болды. Өсу жыл бойы теңгенің АҚШ долларына алғандағы тұрақты бағамымен, инфляцияның төмен деңгейімен, несиелер ресурстарының отандық тауар өндірушілерге қол жетімділігімен қамтамасыз етілді. Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібінде өндірістің өсуіне Ресейдегі және ТМД-ның басқа елдеріндегі экономикалық өсу үлкен ықпал жасады.

Салық саясатын және салық әкімшілігін жүргізуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі К010209_ қабылданды, ол 2002 жылдан бастап күшіне енеді. 2001 жылы қосылған құн салығының және әлеуметтік салықтың ставкалары төмендетілді. Бұл салық жүктемесінің жалпы кемуіне және соның салдары ретінде кәсіпорындардың қаржылық жай-күйінің жақсаруына әкелді.

Елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын, болашақ ұрпақтар үшін қаржылық қаражат жинақтау және экономиканың қолайсыз сыртқы факторлардың әсеріне тәуелділігін азайту мақсатында Қазақстан Республикасының ұлттық қоры құрылды.

Машина жасау, тоқыма және тігін өнеркәсібі өнімдерінің өндірісі өсуіне импорт алмастыру саясатын іс жүзінде іске асыру қосымша серпін берді.

Мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін арттыру саласында 2001 жылы құрылған Даму банкінің ролі зор. Оның қызметі өндірістік инфрақұрылым мен өңдеуші өндірістерді дамытуға, экономиканың нақты секторына сыртқы және ішкі инвестициялар тартуға көмек көрсетуге бағытталады.

Қазақстанның банк жүйесіне сенім артты, мұны 2000 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда ағымдағы жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша депозиттер көлемінің 35% өсуі айғақтайды. 1 тамыздағы жағдай бойынша олардың мөлшері 2,7 млрд. АҚШ долларына жетті.

Ағымдағы жылдың 9 айында отандық банктердің тарапынан өнеркәсіп пен қызмет көрсетулер саласына орта және ұзақ мерзімді несиелер берудің өсуі байқалды. Бұған, көбінесе ресми қайта қаржыландыру ставкасының төмендеуі және коммерциялық банктердің несиелері бойынша ставкаларының төмендеуі ықпал етті. 2001 жылғы

қыркүйекте ресми қайта қаржыландыру ставкасының деңгейі жылдың басындағы 14% қ а р а ғ а н д а 11% қ ұ р а д ы .

2001 жылдың 1 жарты жылдығында ішкі жалпы өнімнің өсуі 14% құрады. Жалпы алғанда, 2001 жылы ІЖӨ кемінде 10,2%-ға, ал нақты жалақы - 7%-ға өсуі болжануда.

Тұтыну бағаларының индексі ағымдағы жылдың тамызының аяғында 2000 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 3,6% құрады.

Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері (ұлттық қордың қаражатын есепке алмай-ақ) 2001 жылғы 1 тамызда 2,4 млрд. доллар құрады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсімдердің көлемі 1,1 млрд. АҚШ долларынан астамды құрады.

Елдің жинақтаушы зейнетақы қорларында 1 млрд. АҚШ долларынан астам қаржы ресурстары жинақталды. Капиталды жария ету жөнінде жүргізілген акция елге 500 миллионға жуық АҚШ долларын тартуға мүмкіндік берді.

Халықаралық қаржы және экономика ұйымдары қазақстанда жүргізілген реформаларды оң көзбен қабылдауда. 2001 жылы жетекші халықаралық агенттіктер (Standard & Poor's, Moody's Investors Service, Fitch Ratings ;Ltd.) қазақстанның несиелік рейтингілерін "BB" деңгейіне дейін көтерді.

Қол жеткен оң нәтижелерге қарамастан, мынадай бірқатар проблемалар орын алуда:

тұтас алғанда өнеркәсіп пен экономиканың шикізаттық бағдарлануы басым; ел экспортының негізгі баптары болып табылатын тауарлардың тар ауқымына әлемдік бағалар конъюнктурасының ауытқуына экспортқа бағдарланған салалардың т ә у е л д і л і г і ;

өндірістің техникалық деңгейінің төмендігі салдарынан экспорттық рыногтардағы отандық тауарлардың бәсекелестік қабілетінің әлсіздігі; көптеген ірі кәсіпорындар қызметінің ашық жүргізілмеуі; халық топтарының табыстарының арасындағы зор алшақтық; аймақтар дамуының әркелкілігі.

2. Әлеуметтік-экономикалық саясаттың 2002 жылға арналған мақсаты мен міндеттері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдағы кезеңдегі мақсаттары мен міндеттері қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жай-күйін бағалауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған Іс-қимыл бағдарламасына негізделеді.

2002 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық саясаттың-басты мақсаты 7% маңындағы экономикалық өсудің жоғарғы қарқынын сақтау және ел халқының тұрмыс деңгейін бара-бар көтеру болып табылады.

Алдағы кезеңге қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қ а ж е т :

индустриалдық және аймақтық саясат әзірлеуді аяқтау;
импорт алмастыру саясатын тереңдету және экспорттық әлеуетін арттыру;
республиканың энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету жөнінде елеулі түрде і л г е р і л е у г е қ о л ж е т к і з у ;

лицензияланатын қызмет түрлерінің тізбесін оңтайландыру;
маңызды инфрақұрылымдық объектілерге мемлекеттік инвестициялардың көлемін ұ л ғ а й т у ;

отандық жеке секторды капиталдандыру жөніндегі жұмысты жандандыру;
экономиканың нақты секторындағы инвестициялық жобаларды іске асыруда ұзақ мерзімді несиелердің үлесін арттыруға жағдай жасау жөніндегі жұмысты жалғастыру;
экономикалық және бюджеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру;
мал мен өсімдік өсіру, асыл тұқымды табын өсіру, тұқымдық қорды жақсартудың жаңа технологияларын дамытудың деңгейін арттыру;
тұрғын үй құрылысы мен нақты секторды дамытуда халықтың қаражаты мен мемлекеттік инвестициялардың қатысуын кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыру;
республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғамдар етіп қайта құруды және әлеуметтік сала объектілерін жекешелендіруді жалғастыру;
ірі кәсіпорындар мен инвесторлардың жұмысының қоғам үшін ашық болуына қол ж е т к і з у ;

Қазақстан Республикасының заңнамасында кепілдік берілген білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет саласындағы мемлекеттік қызмет көрсетулердің сапасы мен толық болуын қамтамасыз ету;
міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізу жөніндегі дайындық іс-шараларын ж ү р г і з у ;

жалақы мен зейнетақының ең төменгі мөлшерін көтеруді жүзеге асыру;
кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі бағдарламаны іске асыруды ж а л ғ а с т ы р у .

3. Макроэкономикалық саясат

Ішкі жалпы өнім 2002 жылы 7%-ға өседі деп болжануда. Бұған өнеркәсіптік өнім көлемінің кемінде 10-11%, негізгі капиталға инвестициялардың 20%-ға өсуі ж ә р д е м д е с е д і .

Ақша-несие (монетарлық) саясат

Үкімет Ұлттық банктің инфляцияның төменгі деңгейін ұстау, ұлттық валюта

бағамының ауытқуын бәсеңдету және елдің төлемдік теңгерімінің ағымдағы шотының оң сальдосын сақтау жөніндегі ақша-несие саясаты саласындағы іс-қимылын жан - жақты қолдайтын болады.

Ұлттық банктің ақша-несие саясаты саласындағы негізгі міндеттері ретінде: инфляцияның деңгейін жылдың аяғында 6,5%-ға дейін төмендету, мұның өзі өндірістің өсуі үшін қолайлы макроэкономикалық жағдай жасайды; сауда теңгерімінің оң сальдосын қамтамасыз ету мақсатында отандық тауар өндірушілері өнімінің экспорты үшін қолайлы жағдайларды сақтау; экспорттық түсім мен импорттық мәмілелер бойынша тауарлардың елге толық көлемде түсуін қамтамасыз етуге арналған экспорттық-импорттық валюталық бақылау тетігін жетілдіру көзделеді.

Салық-бюджет (фискалдық) саясат

Фискалдық саясат саласында Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджет жүйесін реформалау жөнінде едәуір қадамдар жасады.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Z990357_ Заңының жаңа редакциясы қабылданды. Қазіргі уақытта, республиканың бюджеттік жүйесі жиынтығы мемлекеттік бюджетті құрайтын, дербес жұмыс істейтін республикалық бюджет және жергілікті бюджеттер түрінде көрінеді.

Салық заңнамасы саласында экономикалық өсуді көтермелеуді, мемлекеттік бюджетке түсімдерді көбейтуді, шаруашылық жүргізуші субъектілердің салық жүктемесін төмендетуді қамтамасыз ететін салық саясатын іске асыру үшін қосылған құн салығы мен әлеуметтік салықтың ставкалары төмендетілді.

Өзінің күші бойынша тікелей қолданылатын заңға барынша жақындатылған салық кодексі қабылданды, ол салықтар бойынша барлық нұсқамалық сипаттағы актілердің көптеген ережелерін тұтас біріктірді, мұның өзі біркәнді түсіндіруді қамтамасыз етуге, салық төлеушілерді оның қолдануын оңайлатуға мүмкіндік береді, сондай-ақ салық тәртібін сақтау деңгейін арттырады.

Елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, болашақ ұрпақтар үшін қаржылық қаражатты жинақтау, қолайсыз сыртқы факторлардың әсерінен экономиканың тәуелділігін азайту мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры құрылды, ол жинақтаушы және тұрақтандырушы функцияларды атқарады.

Қазақстанның Даму банкі құрылды, оны құрудың өзекті мәні ұлттық экономиканың, әсіресе, оның нақты секторының тұрақты дамуын қамтамасыз ету қажеттілігінен туындады.

Алдағы кезеңде салық-бюджет (фискалдық) саясатының түйінді мақсаттары:

Стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлаудың бірыңғайлығы қағидаттарына және бюджеттің бағдарлама жасау методологиясына негізделген

тұрақты бюджет жүйесін қалыптастыру;
Жоспарлау және болжау-талдау жұмысының сапасын арттыру;
ішкі сұранысты ұлғайту үшін қолайлы жағдайлар жасау;
мемлекеттік бюджетке түсімдердің қажетті көлемдерін қамтамасыз ету үшін олардың өзара қаржылық қатынастарында мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілер мүдделерінің теңдестірілуіне қол жеткізу;
бухгалтерлік есеп пен аудит жүйесін жетілдіру;
мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқару тетігін жетілдіру;
мемлекеттік меншік құрылымын оңтайландыру жөнінде жұмыс жүргізу;
мемлекеттік кәсіпорындардың акцияларының мемлекеттік пакеттерінің дивидендтері мен пайдасының үлестерінің тұрақты әрі толық түсуін қамтамасыз ету және бюджеттің кіріс бөлігінің жалпы көлемінде осындай түсімдердің меншікті салмағын арттыру жөніндегі жұмысты күшейту;
ұлттық компаниялардың даму жоспарларының орындалуы туралы Үкіметте директорлар кеңестерінің төрағалары мен директорлар кеңестеріндегі мемлекет мүшелерін тұрақты тыңдауды қамтамасыз ету арқылы ұлттық компаниялардың директорлар кеңесіндегі ролі мен ықпалын күшейту;
бюджеттердің атқарылуын тиімді басқаруды қамтамасыз ететін қазынашылық жүйесін біріктіру және автоматтандыру;
мемлекеттік сатып алулардың тиімділігі мониторингі мен талдаудың мемлекеттік жүйесін жасау;
бюджеттік міндеттемелерді қалыптастыру, атқарылуы және оны бақылау

процесінде ішкі және сыртқы бақылаудағы мемлекеттік органдардың белсенділігін арттыру;

банкроттық рәсімдеріне көзқарасты қайта қарау және кәсіпорындарды оңалту саласындағы жұмысты күшейту;

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесіп капиталдық халықаралық рыногтарында Ұлттық қордың активтерін орналастыру жөнінде байыпты саясат жүргізу болады.

2002 жылғы бюджеттің жобасын әзірлеу кезінде республика президентінің қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында айқындалған мынадай басты басымдықтар белгіленді:

экономикаға инвестициялардың өсуі;

әлеуметтік сала;

елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қорғаныстық қабілетін нығайту;

Астана қаласын одан әрі дамыту.

Бюджет қаражаттарын жұмсау 2002 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссия бекіткен алдағы жылға арналған республикалық бюджеттің қаражаттарын жұмсаудың басым бағыттарының тізбесі негізінде көзделеді.

2002 жылы елде жүріп жатқан мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру, аймақтық сипаттағы әлеуметтік міндеттерді шешуді басқаруды жергілікті органдарға берумен және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Z010148_ Заңының қабылдануына байланысты бюджетаралық қатынастарды одан әрі жетілдіру жүзеге асырылады.

Кірістерді республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлуде елеулі өзгерістер жүргізілді мысалы, жергілікті бюджеттерде импорт акциздерін қоспағанда, сондай-ақ қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер толық аударылатын болады. Корпоративтік табыс салығы республикалық бюджетке толық көлемде аударылады.

4. Құрылымдық саясат

Сауда саясаты

Сауда саласында 2002 жылы "Сауда туралы" Заң қабылданады және сауда қатынастарын реттейтін жаңа заңи актілер әзірленеді.

Сыртқы экономикалық саясаттың мақсаты - тауарлар, қызмет көрсетулер және капитал экспорты арқылы өзінің бәсекелестік артықшылықтарын іске асыру үшін сыртқы жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады, бұл ретте, стратегиялық маңызы бар экономика секторларын қорғауды сонымен бір мезгілде және елдің экономикалық дамуы үшін қажетті шет елдік тауарлар, қызмет көрсетулер және капиталды қамтамасыз етеді. Осы мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

Экспорт пен импортты әртараптандыру үшін жағдай жасау;

Тасымалдау шығыстарын азайту үшін мұнай экспортының баламалы тасымалдау жолдарын іздеуді, астық пен металдарды өткізу рыногтарының географиясын кеңейтуді жүзеге асыру;

қорғау, демпингке қарсы және басқа да шараларды әрі импорт алмастырушы өндірістерді тиімді қолдану арқылы отандық тауар өндірушілерді қорғау мен қолдаудың орынды деңгейін жүзеге асыру;

негізгі елдер басымдықтарын жіті айқындап, басқа елдермен өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастарды дамыту;

мемлекеттің экономикалық мүдделеріне сәйкестігі тұрғысында Қазақстан Республикасының шарттары мен қабылданған халықаралық міндеттемелерін

түгендеуді жүргізу. Сауда саясаты саласында Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимылдары 2002 жылы мыналарға:

экономиканы әртараптандыруға бағытталған тарифтік саясатты жүргізу және Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің ортақ кедендік тарифінің негіздерін кеңейтуге;

сыртқы саясатты реттеудің тарифтік және тарифтік емес шараларын жетілдіруге; экономикалық ынтымақтастықтың ұзақ мерзімді бағдарламаларын іске асыруға; тәуелсіз мемлекеттер достастығы шеңберінде еркін сауда режимін қалыптастыруға;

Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік Сауда Ұйымына енуіне дайындық шеңберінде интеграциялық процестерді одан әрі дамыту.

Баға және монополияға қарсы саясат

2002 жылы табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу олардың инвестициялық тартымдылығын арттыруға, өндірістік шығындарды кемітуді ынталандыруға, ұзақ мерзімді негізде энергия және ресурс сақтаушы технологияларды енгізуге бағыттالاتын болады.

Баға саясатының негізгі міндеттері:

электр энергиясын аймақтық желілер бойынша беру жөніндегі қызмет көрсетулерге тарифтерді кернеу деңгейлерін ескере отырып белгілеуге мүмкіндік беретін тарифтер есебінің әдістемесін жетілдіру;

мұнай мен табиғи газды магистральдық труба құбырлары бойынша тасымалдау, табиғи газды бөлгіш труба құбырлары арқылы тасымалдау, сумен жабдықтау жөнінде көрсетілетін қызметтерге тарифтерді есептеудің жаңа әдістемелерін енгізу;

табиғи монополия субъектілері қызметінің барлық салаларына икемді тарифтік реттеудің экономикалық жағынан негізделген әдістерін енгізу;

электр энергиясын аймақаралық және аймақтық желілер бойынша берудің және бөлудің тарифтеріне төмендеткіш коэффициенттер қолдануды жалғастыру;

темір жол көлігінде тариф жасауды жетілдіру, ол үшін жүктерді үш тарифтік сыныпқа (өнімнің бағасын құрайтын көлік үлесіне қарай) бөлу және маусымдық тарифтерді енгізу жоспарлануда.

Бағалы қағаздар рыногын дамыту

Мемлекеттің бағалы қағаздар рыногы саласындағы негізгі мақсаты оны экономикадағы бос қаржы ресурстарын қайта бөлудің тиімді тетігі ретінде дамыту болып табылады. Қор рыногы шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін банктік несиелендіру және қосымша қаржы ресурстарын тарту жүйесіне баламалы толыққанды жүйе болуы тиіс.

2002 жылы бағалы қағаздардың қазақстандық рыногын дамытудың басым бағыттары мыналар болады:

бағалы қағаздардың қазақстандық рыногында инвестициялау мүмкіндіктерін кеңейту;

қазақстандық эмитенттер мен мемлекеттік емес облигациялар акцияларының инвестициялық тартымдылығының деңгейін көтеру;

инвестициялаудың ұжымдық нысандары арқылы нақты экономикаға халықтың жинақтарын тартудың тетіктерін жасау;

қазақстандық ұйымдардың менеджерлерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитенттерінің қаржы ресурстарын қор рыногы арқылы тарту мәселелеріндегі біліктілік деңгейін, сондай-ақ халықтың бағалы қағаздарға инвестициялау мәселелеріндегі экономикалық сауаттылығы деңгейін көтеру;

бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының қызметін реттеудің екі деңгейлі жүйесін дамыту;

бағалы қағаздар рыногының институционалдық және техникалық инфрақұрылымын жетілдіру.

Инвестициялық ахуалды және кәсіпкерліктің жұмыс істеу жағдайларын жақсарту

2002 жылы Үкіметтің инвестициялар саласындағы саясаты: инвестициялау кезінде шетелдік және отандық инвесторлар үшін жағдайларды бірдей етуге;

Қазақстанның капиталдың сыртқы рыноктарындағы беделін нығайтуға; мемлекеттік инвестицияларды ұтымды және тиімді пайдалануға; жеке меншік инвестициялардың құйылымын ұлғайтуға бағытталатын болады.

Инвестициялық саясаттың мақсаттарына қол жеткізу үшін: бәсекелестік ортаны барынша сақтап қалу және мемлекет пен инвестордың мүдделерін теңдестіруді ескере отырып және олардың экономикалық тиімділігін арттыру шартымен экономиканың басым секторларына тікелей инвестициялар тартуды көтермелеу шарттарын жетілдіру;

инвестицияларды қорғаудың және сақтандырудың пәрменді жүйесін құруға; бас қаланың құрылысын салуға және қайта жаңартуға инвестициялар тартуға бағытталған шаралар пайдаланылатын болады.

Шағын кәсіпкерлік саласында, оның, әсіресе өндірістік, ғылыми-техникалық салаларында серпінді және сапалы дамуы үшін жағдайлар жасалады. Көрсетілген мақсатты іске асыру үшін 2002 жылы Үкіметтің күш-жігері мынадай міндеттерді шешуге:

халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге;

шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау мәселелерінде қоғамдық бірлестіктердің р о л і н к ү ш е й т у г е ;

шағын кәсіпкерліктің өндірістік секторын басым дамытуға;
шағын кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру және дамытуға;
франчайзинг процестерін ынталандыруға бағытталатын болады.

Бизнес-инкубаторлар құру арқылы кәсіпкерлікті қолдау жүзеге асырылады.

Жаңа отандық технологияларды жасау әрі игеру, тиімділігі ғылымды қажет ететін өнімді шығару, ғылым мен өндірісті тұтастыру үшін технопарктер қызметінің нормативтік базасы әзірленеді.

Өнім өндіру және қайта өндіру салаларында кәсіпкерлікті қаржылық қолдау жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамыту, консалтингі және ақпараттық қызмет көрсетулер рыногын дамыту үшін қолайлы институционалдық ахуал қалыптастыру мақсатында барлық аймақта филиалдары бар тікелей біріктірілген құрылым "Шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық ақпараттық көрме орталығы" қ ұ р ы л а д ы .

5. Экономиканың секторларын дамыту

Ө н е р к ә с і п

Үкіметтің қызметі өнеркәсіптік өндіріс құрылымын жетілдіруге бағытталады. Осы мақсатта химия және мұнай химиясы өнеркәсібінің кәсіпорындарын қалпына келтіру, ағаш өңдеу мен жиһаз жасау, сондай-ақ машина жасау өндірісін дамыту бағдарламаларын іске асыру жалғастырылады. Трактор жасауды дамытуға ерекше назар аударылады. Ауыл шаруашылығы техникасына қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында оны лизингке беру одан әрі дамытылады. Өңдеуші өнеркәсіп салаларында импорт алмастыру бағдарламаларын іске басталады. Сондай-ақ мұнай-газ, ауыл шаруашылығы машинасын жасау бағдарламалары әзірленеді. Үкімет қорғаныс кәсіпорындары өнімінің экспортын кеңейту жөнінде арнайы шаралар қабылдайды.

Қазақстандық тауар өндірушілер өнімдерінің бәсекелестік қабілетін арттыру мақсатында ИСО 9000 сериясындағы халықаралық стандарттарға сай басқару жүйелерін елдің кәсіпорындарында енгізу жөніндегі жұмыс жалғастырылады. Қазіргі уақытта "ИСО 9000 сериясындағы халықаралық стандарттар негізінде Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында сапа жүйелерін әзірлеу және енгізу бағдарламасы " б е к і т і л д і .

Стандарттарды жетілдіру және өнім сапасын арттыру мақсатында 2002 жылы: отандық кәсіпорындарда сапа жүйелерін енгізу үшін жағдай жасау;
халықаралық стандарттың талаптарына сәйкес одан әрі үйлестіру;

соның ішінде халықаралық деңгейде сертификаттау және сынау зертханалар бойынша отандық органдарды аккредиттеудің мемлекеттік жүйесінің негіз қалаушы стандарттарын әзірлеу әрі жетілдіру көзделеді.

Көзделіп отырған мұнай өндірудің өсуі Теңіз кен орнын пайдалануды кеңінен өрістетуге, Өзен мұнай-кен орнын оңалту, сондай-ақ Ақтөбе облысындағы бірқатар кен орындарын (Қожасай, Әлібек моласы), Солтүстік Бозашы кен орындарын іске қосу, Құмкөл кен орнындағы кен өндіруді ұлғайту есебінен қамтамасыз етіледі.

Теңіз және Қарашығанақ жобалары көмірсутектілерді өндірудің неғұрлым мол өсімін қамтамасыз етеді. 2002 жылы Аджип ККО Каспий теңізі қайраңын игеру жөніндегі жұмысты жалғастырады.

2002 жылға белгіленген Қарашығанақ кен орнынан мұнайды тасымалдау үшін Ақсай-Үлкен Шаған-Атырау мұнай құбырын салу жөніндегі жұмыстар кеңінен өрістетіледі.

Осы мақсатта Каспийдің қазақстандық секторын дамыту бағдарламасы қабылданады.

Газ өнеркәсібінде Амангелді кен орындары тобын пайдалану басталады.

Тұтас алғанда, тау-кен-металлургия саласы үшін қолайлы экономикалық жағдайлар жасау жөніндегі шаралар кешенін орындаумен қатар, Кентау кен байыту фабрикасымен кешенге біріктірілген "Тау-Кен" тау-кен-металлургия компаниясы сияқты кәсіпорындардың қызметін қалпына келтіру жөніндегі Қарағайлы, Васильков тау-кен өндіру кәсіпорындарында кен өндіру көлемін көбейту жөніндегі жұмысты одан әрі жүргізу қажет.

Мұнай өңдеу өнеркәсібі саласында қазақстандық мұнайды қазіргі технологиялармен тереңдетіп және кешенді қайта өңдеу басым бағытқа айналады.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібіндегі импорт алмастыру бағдарламаларын іске асыру осы салалардағы өндіріс көлемін одан әрі арттыруға жеткізеді.

Энергиямен қамтамасыз етуді одан әрі дамыту үшін;

Батыс Қазақстанда - оларды кейін газды бу циклына көшіріп - екінші кезегі ретінде кәдеге жаратушы қазандар мен бу турбиналарын салып, құны шамалы арзан газ турбиналық электр станцияларының бірінші кезегі ретінде құрылыстар салу арқылы мұнай өңдеу барысында ілеспе газды кәдеге жарату негізінде жаңа генераторлық қуаттарды іске қосу жоспарланады.

Республиканың бүкіл генераторлық қуатының 80% шоғырланған солтүстік аймақта орнатылған жабдықтарды тиімді пайдалану есебінен энергия өндіруді арттыру мүмкіндігі бар. Бұл үшін жұмыс істеп тұрған электр станцияларын қайта жаңарту, техникалық жағынан қайта жарақтандыру және кеңейту қажет.

Оңтүстік аймақта тұтыну көлемдерін арттыруға Екібастұз электр станциялары өндіретін салыстырмалы түрде арзан электр энергиясын беру көлемін арттыру есебінен қол жеткізілуі мүмкін.

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы

2002 жылы Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жалғастырылатын болады. Мемлекеттік аграрлық саясат бәсекеге қабілетті өнім өндіретін тиімді салаларды қолдауға, отандық ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің ішкі және сыртқы рыноктарының сыйымдылығын кеңейтуге, ауыл шаруашылығы өнімдерінің басқа да түрлерін өндіруді тұрақтандыру үшін жалпы экономикалық жағдайларды қалыптастыруға құрылатын болады.

Аграрлық саясатты іске асыру мынадай міндеттерді шешуді көздейді:
азық-түліктік астықтың мемлекеттік резервін жаңарту, тұқымдық және азықтық астықтың мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге а с ы р у ;

элеваторлар қызметін лицензиялау жүйесі институтын енгізу;
елдің астық ресурстары қозғалысының мониторингін қамтамасыз ету;
малды аса қауіпті жұқпалы аурулардан қорғау және өсімдіктерді аурулар мен жаппай зиянкестерден қорғау бағдарламаларын бюджеттік қаржыландыру;
ауыл шаруашылығы өндірісін лизингтік қатынастарды дамыту арқылы техникалық ж а ң а л а у ;

таңдаулы тұқым шаруашылығы мен асыл тұқымды мал шаруашылығын, құс шаруашылығын қаражаттандыру бағдарламаларын іске асыру;

минералдық тыңайтқыштарды сатып алуды мемлекеттік қаражаттандыру;
ауылдық несиелік серіктестіктер құру;
кепілзат құралы ретінде "астық қолхаттарын" беру институтын қолдануды кеңейту;
аграрлық секторды несиелендіру ауқымын кеңейту;

Азық-түлік қауіпсіздігі тұжырымдамасын әзірлеу;
ауыл шаруашылығы ақпараттық жүйесінің бірыңғай ақпараттық-маркетингтік жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

өндіріс мәдениетін, соның ішінде технологиялық тәртіпті сақтау, тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдарын ұтымды пайдалану есебінен ж о ғ а р ы л а т у ;

селекция мен тұқым шаруашылығын, ең алдымен жапырылуға беріктікті, тез пісуді, жоғары өнімділікті және жақсы технологиялық қасиеттерді ұштастыратын, өсу мерзімдері әртүрлі сорттарды өндіріске енгізу негізінде одан әрі дамыту;

асыл тұқымды мал ісін қолдау бағдарламасы негізінде өнімділікті арттыру жолымен отандық мал шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

Мал шаруашылығы өнімдерін сатып алу және экспорттау жөніндегі мемлекеттік к о р п о р а ц и я н ы к ұ р у ;

суғарудың су үнемдеуші технологияларын енгізу, сыртқы заемдар есебінен

суландыру құрылыстарын қайта жаңалау және жаңаларын салу бағдарламасын іске асыру.

Қ ұ р ы л ы с

Құрылыс саласында өнеркәсіптік және әлеуметтік-мәдени саланың аса маңызды объектілерін жобалау және салу жөніндегі міндеттерді шешу пайымдалуда.

Мемлекеттік қала құрылысы саясатының ұзақ мерзімді тұжырымдамасы әзірленеді, ел аумағында мемлекеттік қала құрылысы кадастрын қалыптастыру және енгізу жөніндегі жұмыс жалғасады, құрылыстың келешегі бар, өзін-өзі ақтайтын жобаларын іріктеу, құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындарды жаңарту және технологиялық қайта жарақтандыру жөніндегі жұмыс ұйымдастырылады.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын құрылысты мердігерлік жұмыстарға тендерлер өткізу кезінде отандық құрылыс компанияларына басымдық берілетін болады.

Құрылыс жұмыстарының сапасын арттыру және құрылыс стандарттарын сақтау мақсатында уәкілетті орган мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады.

Тұрғын үй саласына қаржы ресурстарын тарту, тұрғын үй рыногын жандандыру мақсатында ипотекалық несиелендіру және құрылыс жинақтары жүйелерін дамытудың нормативтік құқықтық базасын одан әрі жетілдіру және оларды елдің барлық ірі аймақтарында іс жүзінде қосуға септік жасау пайымдалуда.

Мұнай-газ өнеркәсібінің ірі объектілері - Каспийдің қазақстандық секторында, Теңіз және Қарашығанақ кен орындарында құрылыс жұмыстары шоғырландырылатын болады.

"ШМОС" ААҚ-ты жаңарту және техникалық қайта жарақтандыру бағдарламасымен каталитикалық крекинг кешені құрылысын аяқтау көзделуде, бұл ашық түсті мұнай өнімдерін жылына 1 млн. тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Өндіріс тиімділігін арттыру мақсатымен "Қазақмыс" корпорациясы қуаттылығы жылына 100 мың тонна мырыш беретін, құны 87 млн. АҚШ доллары болатын мырыш заводы құрылысын аяқтайды.

2002 жылы жолдар салу мен қайта жаңарту бағдарламасы бойынша:

Орал қаласы ауданында Жайық өзені арқылы көпір салуды аяқтау;

Алматы - Астана автомагистралін оңалтуды аяқтау;

Қызылорда тұсынан Сырдария өзені арқылы көпір өткелін қайта жаңартуды бастау;

Атырау - Орал - Ақтөбе, Алматы - Бішкек, Алматы - Қорғас автожолдарын қайта жаңартуды бастау;

Астана - Бурабай автожолы және Шығыс Қазақстан - Алтай Республикасының шекарасы автожолы учаскелерін салуды жалғастыру жоспарлануда.

2002 жылы тұрғын үй құрылысына 20 345 млн. теңге бөлінбек. Жалпы көлемінің

40,4% - кәсіпорындардың және мемлекеттік емес сектордың қаражаты және 40% халық қаражаты негізгі қаржыландыру көздері болады. 2002 жылы республикада жалпы алаңы 1 256,1 мың шаршы метр тұрғын үйді іске қосу жоспарлануда. Оның 868,5 мың шаршы метр тұрғын үй алаңы халық қаражаты есебінен болады, бұл жалпы көлемнің 68,2% - ын құрайды.

Көлік және байланыс

Көлік және коммуникация кешенін дамытудың негізгі басымдықтары ұлттық

транзит әлеуетін дүниежүзілік көлік қоғамдастығының мүдделерімен ұштастыра пайдаланудан тұрады.

Көлік және коммуникацияларды дамыту саласындағы саясат мынадай міндеттерді іске асыруды көздейді:

бюджет және заем қаражатының есебінен автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту және қалпына келтіру;

азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеудің құқықтық базасын жетілдіру және авиациялық қадағалауды айтарлықтай күшейту;

аэронавигациялық жабдықтарды жаңғырту;

Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қайта құрылымдау;

жүк тасымалы бойынша шығыстарды қысқарту үшін жаңа темір жол желілерін салу;

телекоммуникациялық секторды ырықсыздандыру процесі басталатын болады;

телекоммуникациялар желілерін пайдалану шығындарын қысқарту және тиімді басқаруды арттыру;

Қазақстанның бүкіл аумағында қаржы қызметтерінің кең түрін ұсынуға қабілетті пошта-жинақ жүйесін дамыту;

қызметшілерінің тиісті даярлығы бар ірі аудандық байланыс бөлімшелерінде пошта саласының трансфер-агенттік қызметтер көрсету желісін одан әрі кеңейту;

автомобиль көлігі саласындағы халықаралық Конвенциялар мен Келісімдерге қосылу, отандық тасымалдаушылар үшін мүдделілік тудыратын мемлекеттермен халықаралық автомобиль жолы қатынасы туралы екі жақты Келісімдер жасасу жөніндегі жұмысты жалғастыру;

республиканың су көлігі жүйесін дүниежүзілік жүйеге кіріктіру, Волга - Дон арнасы арқылы Қара теңіздің айлақтарына шығу үшін баламалы көлік бағыттарын дамыту, Иранның солтүстік айлақтарына шығу, су жолдары мен тоспаларды, ұлттық теңіз сауда флотын кеме жүзу жағдайында ұстау;

КТК бойынша мұнай тасымалдау қуаттарын игеру және мұнай мен газды тасымалдаудың түрлі жолдарының мүмкіндіктерін одан әрі зерттеу.

"Қазақстан темір жолы" РМК және оның еншілес кәсіпорындарын ЖАҚ етіп қайта құру жүзеге асырылатын болады, соның нәтижесінде бірқатар құрылымдық бөлімшелер нақты ортаға бөленеді.

Мысалы 2002 жылы "Жолаушы тасымалы" ЕМК акцияларының мемлекеттік

пакетінің 100%-ы уәкілетті мемлекеттік органға беріле отырып, дербес жабық акционерлік қоғамға бөлінетін болады.

"Дөң - Краснооктябрь кеніші" учаскесінде темір жол құрылысы жалғасатын болады.

2002 жылы Ақтау айлағының қайта жаңартудың екінші кезегінің жобасын іске асыруға кірісу, толқын қайтарғыштар мен тоғандарды, мұнай айлақтарын қалпына келтіру, сондай-ақ лизинг шарттарымен сүйреткіштер сатып алу жоспарлануда.

Салада Жайық - Каспий кеме жүзу арнасының түбін кеңейту жұмыстарын аяқтау және пайдалануға беру көзделуде.

Қаржы секторы

2002 жылы қаржы секторын дамыту саласында Үкімет мынадай шараларды жүзеге асыруды пайымдауда:

Қазақстан Даму Банкі ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды тең қаржыландыру үшін жеке меншік сектордың қаржы институттарын тарту жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады;

қаржы секторының тұрақтылығын нығайту үшін ынтымақтастық негізінде қадағалауды одан әрі жетілдіру мақсатында біртұтас қаржылық қадағалау органы құрылатын болады;

банктерде активтер мен пассивтерді тиімді басқару жүйелерін дамытуға, сондай-ақ олардың қатерді мейлінше төмендетудің ішкі рәсімдері мен регламенттерін пайдалануына септік жасау;

депозиттерді міндетті ұжымдық сақтандыру жүйесі одан әрі дамитын болады; шағын және орта кәсіпорындарды несиелендіру үшін қаржы лизингін қолдану аясы кеңейеді;

почта-жинақ жүйесін жетілдіру процесі жалғастырылатын болады; халықтың барлық жігі үшін қол жетімділігін арттыру мақсатымен тұрғын үй құрылысы және құрылыс жинақтарының ипотекалық несиелері бойынша ставкалар

т ө м е н д е т і л е д і ;

халықты, әсіресе ауылдық жерлерде өзара несиелендірудің несиелік кооперативтері мен қоғамдары құрылатын болады;

сақтандыру қызметін реттеудің және оны қадағалаудың халықаралық стандарттары жүйесі енгізілетін болады, бұл ұлттық сақтандыру рыногының ашықтығын және сенімділігін қамтамасыз етеді, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарына талаптарды күшейтеді;

өмірді ұзақ мерзімді сақтандыруды, зейнетақылық, аннуитеттік сақтандыру және сақтандырудың өзге де әлеуметтік мәнді түрлерін жедел дамытуға көшу жүзеге асырылатын болады;

сақтандыру рыногының сақтандырудың және қайта сақтандырудың халықаралық тәсімдеріне кірігу процесі жалғастырылатын болады.

Сауда

2002 жылы тұтыну рыногында өткізілетін тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі шаралар күшейтілетін болады.

Отандық өндірушілердің тауарларын өткізу жүйесін жетілдіру мақсатында республикалық және аймақтық деңгейде көтерме сауда жүйесі құрылады.

Барлық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің рынокқа еркін қол жетімділігін қамтамасыз ететін тұтынушылар кооперациясы жүйесін дамыту ынталандырылады.

Сауда рыноктарының қызметін тәртіпке келтіру мақсатында олардың қызметін реттеу тетіктері іске асырылады.

Муниципальдық сауда рыноктарының желісін құру тұтыну тауарларына бәсекелестікті дамытуға және бағаларды төмендетуге мүмкіндік береді.

Бақылаушы органдар қызметінің жүйесін реттеу жолымен еркін тауар қозғалысы үшін жағдай жасалады.

Сауданы ұйымдастырудың дәстүрлі нысандарымен қатар оның қазіргі заманғы түрлері: сәлем-сауқаттық, электрондық және желілік маркетинг дамытылады.

Қоғамдық тамақтандыру саласында бәсекелестік ортаны кеңейту үшін тұтынушылардың түрлі топтарына бағдарланған, тамақ әзірлеудің индустриалдық әдістеріне сүйенетін "жылдам тамақтану" деп аталатын желіні қоса алғанда, оны ұйымдастырудың дәстүрлі емес нысандарын дамыту ынталандырылады.

2002 жылы ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет саласындағы саясат республиканың ғылыми-техникалық әлеуетін нығайтуға және тиімді пайдалануға, тұрмыс деңгейі мен сапасын жоғарылатуға бағытталған зерттемелер жасауға, ғылымды қажетсінетін, ресурс үнемдеуші және экологиялық таза өндірістерді, экспортқа бағытталған жоғары технологиялар өнімдерін енгізуге, экономиканың шикізаттық бағыттылығын технологиялық бағыттылыққа кезең-кезеңімен ауыстыруға, ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану негізінде ел экономикасын дамыту үшін қажетті жағдайлар мен қолайлы орта қалыптастыруға бағытталатын болады.

Б ұ л ү ш і н :

ғылымды және ғылыми-техникалық қызметті ұйымдастыру жүйесін одан әрі ж е т і л д і р у д і ;

инновациялық қызметті дамытудың нормативтік құқықтық базасын қ а л ы п т а с т ы р у д ы ;

аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, республика аумағында бірыңғай үйлестірілген инновациялық орталықтарды, бизнес-инкубаторларды, технопарктерді, консалтингтік және оқыту фирмаларын қамтитын бірыңғай инновациялық и н ф р а қ ұ р ы л ы м қ ұ р у д ы ;

қолданбалы зерттеулердің бірінші кезекте экономиканың базалық

салаларының қажеттіліктерін ғылыми-технологиялық қамтамасыз етуге бағытталуын;

ғылымды қажетсінетін өнімдер шығару жөніндегі жаңа импорт алмастыратын (экспортқа бағдарланған) технологияларды әзірлеуді және енгізуді;

ғылыми-техникалық кәсіпкерлікті дамыту мақсатында стратегиялық маңызы бар ғылыми ұйымдар қызметінің бейінін сақтай отырып, ғылыми-техникалық саланың жекелеген объектілерін қайта құрылымдауды және жекешелендіруді;

мемлекеттік ғылыми ұйымдар желісін оңтайландыруды қамтамасыз ету қажет.

6. Әлеуметтік даму

Халық, жұмыспен қамту және еңбек ресурстарын дамыту

2002 жылы демографиялық саясат демографиялық процестердегі жағымсыз

үрдістерді еңсеруге, өсудің кемуін болдырмауға, Көші-қон және демографиялық саясат бағдарламаларына сәйкес халықтың сандық және сапалық өсуін қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Көрсетілген Бағдарламалар шеңберінде мынадай міндеттерді шешу жөнінде шаралар қабылданады:

көші-қон, соның ішінде сыртқы, шекаралық және ішкі бақылау жүйесін құру; бұрынғы отандастарымыздың отанымызға оралуына жәрдемдесу; көшіп кетуді азайту және тұтасымен алғанда сыртқы көші-қон жөніндегі теріс сальдонь кеміту;

бала туушылықты тұрақтандыру және оны келешекте халықтың өзімен өзі өсіп-өнуін қамтамасыз ететін деңгейге дейін арттыру; өлім-жітімді азайту, халықтың орташа өмір сүру ұзақтығын ұлғайту, халықтың денсаулық жағдайын жақсарту;

отбасы-неке қатынастарын нығайту және дамыту; халықтың тұрмыс деңгейін арттыру.

Еңбек рыногын дамытудың негізгі міндеттері:

бар жұмыс орындарын сақтау және жаңаларын құру; еңбек рыногында жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізу мақсатында іс-шараларды жүзеге асыру жолымен елде жұмыссыздықты қысқарту, жұмыссыздықты есепке алудың ұлттық жүйесін құру жөнінде жүйелі де ауқымды шараларын әзірлеу; жұмыс күшінің босап қалуының әлеуметтік салдарларын жұмсарту; шетелдік жұмыс күшін пайдалануды реттеу жолымен ішкі еңбек рыногын қорғау; жұмысқа орналасуда және әлеуметтік қорғауда қиыншылық көруші халықтың тұтас топтарына кіретін адамдарды тиімді қолдауды қамтамасыз ету; халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуын ынталандыру, кәсіпкерлікті қолдау; өндірісте жарақат алуына немесе кәсіптік науқастануына байланысты шығындарды өтеу мәселелерін құқықтық реттеуді жетілдіру; жұмыс берушілердің еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңдарды сақтауын мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру.

Осыған байланысты:

қызметкердің өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде өмірі мен денсаулығына келген зиян үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүйесін енгізу.

Еңбек қатынастарының заңдық және нормативтік құқықтық базасын жетілдіру; еңбек рыногын реттеу жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру; жұмыс күшінің жұмыспен қамтудың жасырын саласынан тіркелген еңбек рыногы саласына, атап айтқанда қолданыстағы әлеуметтік жеке кодтардың міндетті қолданылу аясын кеңейту жолымен ауысуын ынталандыру жөнінде шаралар әзірлеу; жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың өзгеру және оның еңбек рыногын

қалыптастыруға әсері үрдістерін болжау;
еңбек рыногының қажеттіліктеріне сәйкес мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру;
жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстар көлемі мен түрлерін кеңейту және оларды инфрақұрылымды дамыту бағдарламасын іске асыру кезінде т а р т у ;

Үкімет, кәсіподақтар және жұмыс берушілер арасында жұмыспен қамту мәселелері бойынша әлеуметтік сұхбаттың пәрменді үш жақты тетігін реттеу.

Кедейлікпен күрес және халықты әлеуметтік қолдау

Алдағы 2002 жылы халықты әлеуметтік қолдау жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты кедейлікпен күрес болады. Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрестің 2000-2002 жылдарға арналған P000833_ бағдарламасы бойынша іс-шараларды іске а с ы р у а я қ т а л а д ы .

2002 жылы Кедейлікпен күрес жөніндегі 2003-2007 жылдарға арналған орташа мерзімді бағдарлама әзірленеді, онда кедейлік проблемаларын шешуге кешенді тәсіл к ө з д е л е д і .

2002 жылға арналған әлеуметтік саясат саласындағы негізгі міндеттер мыналар: еңбекке ақы төлеудің жалпы деңгейін көтеру, ең төменгі жалақыны 20% көтеру, мемлекеттік мекемелердің ең аз төленетін санаттағы қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын кемінде 25% көтеру;

еңбекке қабілеттілігін, асыраушысын және жұмысын жоғалтуға байланысты міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізу;

шағын несиелеумен айналысушы ұйымдарды Үкіметтің қолдауы; зейнетақы төлемдері мөлшерін көтеруді көздейтін ынтымақты зейнетақы жүйесінің ө л ш е м д е р і н ж е т і л д і р у ;

жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ережелерін насихаттау және түсіндіру жөніндегі жұмысты жандандыру, халықты, ең алдымен ауыл тұрғындарын пошта-жинақ қызметінің, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың және басқа да институттардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтерімен қамтуды кеңейту жөніндегі шараларды іске асыру;

ынтымақты зейнетақы жүйесінен төлемдердің жеткіліктілігін және зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болғанда, ең төмен зейнетақыға дейін қосымша төлемдер түрінде мемлекеттік кепілдіктердің болуын ескере отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдерінің тетігін жетілдіру;

мүгедектерді сауықтыру жүйесін жетілдіру, оларға қоғамға жан-жақты кірігуі үшін м ү м к і н д і к б е р у ;

ардагерлерді әлеуметтік қорғау туралы заңнаманы одан әрі жетілдіру.

1994 жылға дейін тағайындалған зейнетақылар олардың мөлшері жаңадан тағайындалған зейнетақыларға тең болуы үшін арттырылатын болады.

1994-1998 жылдары тағайындалған зейнетақылар мөлшерін арттыру кезінде 2001 жылғы тұтыну бағаларының орташа жылдық индексін, ал 1998-2001 жылдары тағайындалған зейнетақыларға - тұтыну бағаларын жылдық орташа индексін ең төменгі зейнетақы бөлігінде жүзеге асыру ұсынылады.

Әйелдердің әлеуметтік-экономикалық дамуға қатысуы

2002 жылы негізгі мақсатқа жету - ұлттық саясатқа гендерлік аспектілерді енгізу жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Әйелдердің экономикалық ілгерлеуі саласында, олардың денсаулығын

жақсарту мақсатында мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

мемлекеттік жоспарларға, бағдарламаларға және статистикалық есептемеге енгізу үшін гендерлік индикаторлар әзірлеу;

халықаралық ұйымдармен бірлесіп әйелдердің құқықтық ақпараттылығы жөніндегі бағдарламаларды іске асыруды жалғастыру;

Дүниежүзілік қайта жаңарту және даму Банкі жобасын іске асырудың шеңберінде онкологиялық ауруларды ерте анықтау жөніндегі орталықтар ашу жөніндегі жұмыс;

әйелдер мен балалар үшін дағдарыс орталықтарының желісін кеңейту.

Білім беру

2002 жылы білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері:

"Білім беру"

U000448_

мемлекеттік бағдарламасын іске асыру;

білім беру ұйымдарының түрлері мен үлгілері бойынша, әсіресе ауылдық жерлердегі желісін одан әрі дамыту;

білім беру сатыларының арасындағы сабақтастылық шарттарын жетілдіру;

білім беру қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру;

білім беру ұйымдарын қаржыландыруға көп деңгейлі және көп арналы тәсілді қамтамасыз ету;

5 - 6 жастағы балаларды білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі

даярлау;

мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту бағдарламасын әзірлеу;

Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді даярлау мен басып шығару мақсатты бағдарламасын

P961173_

іске асыру;

оқытудың 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасын әзірлеу;
орта кәсіптік білім беру оқу орындарының желісін тұрақтандыру және кеңейту;

мына бағдарламаларды іске асыру:

бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу орындарын ақпараттандыру;

бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдары үшін оқулықтар,

арнаулы пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер шығаруды дайындау;

жоғары білім берудің қазақстандық жүйесінің бәсекеге қабілеттігін арттыру;

ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарының ықпалдастығы;

ел азаматтарының кәсіптік білім алуы үшін мемлекеттік білім гранттары мен несиелерін беру тетігін одан әрі жетілдіру;

мамандықтар тізбесін қайта құрылымдау жолымен мамандар даярлау құрылымын реттеу;

ұлттық және аймақтық мемлекеттік университеттерді дамыту;

жоғары оқу орындары қызметін бағалаудың жаңа жүйесі - тіркеуді енгізу, оқу орындарын лицензиялауды және аттестациялауды жетілдіру.

Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді даярлау мен басып шығару мақсатты бағдарламасына

P961173_

сәйкес жалпы білім беру мектептері үшін

2001-2002 оқу жылында мемлекеттік тілдегі, орыс, ұйғыр, өзбек тілдеріндегі

5-сыныптар үшін оқулықтар оқу процесіне енгізіледі және 6-9-сыныптар

үшін оқулықтар байқаудан өткізіледі.

Денсаулық сақтау

2002 жылы халықтың денсаулығын сақтау саласында "Халық денсаулығы" U984153_ мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, халықтың медициналық көмекке қол жетімділігін және оның сапасын жақсарту, денсаулық сақтау саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Денсаулық сақтау саласындағы негізгі міндеттер:

Қазақстан Республикасында фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамытудың мемлекеттік U973621_ бағдарламасын, сондай-ақ қолданыстағы мақсатты кешенді және салалық бағдарламаларды одан әрі іске асыру;

"2001-2005 жылдарда Қазақстан Республикасында ана мен баланың денсаулығын сақтау" P010630_ бағдарламасын іске асыру;

дәрілік заттар айналымы саласындағы қызметті реттеу және бақылау, фармацевтикалық өнімдердің отандық өндірушілерін жеткілікті мемлекеттік қолдауды, сапалы дәрілік заттардың қол жетімділігін қамтамасыз ету;

санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мәртебесін көтеру, оның бақылаушылық-қадағалаушылық функцияларын кеңейту;

медициналық білім беруді жетілдіру және кадр саясатын ұйымдастыруды оқу процесін оңтайландыру, дипломнан кейінгі деңгейде білім берудің сапасын жақсарту, орта медициналық қызметшілерді даярлау және қайта даярлау бағытында ұйымдастыру ;

халықтың түрлі топтары мен санаттары үшін білім беру бағдарламалары арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру практикасын кеңейту;

есірткіні теріс пайдаланудың алдын алу, есірткіге тәуелді адамдарды емдеуді және сауықтыруды ұйымдастыру жолымен Қазақстан Республикасында нашарлықпен және есірткі бизнесімен күрестің 2000-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру болады.

Бастапқы медициналық-санитарлық көмек желісін өсіру пайымдалуда.

Қан диабетімен ауыратындарды өзіне-өзі көмектесу әдістеріне үйрету үшін мектептерді ұйымдастыру, есірткімен ауыратындарды мәжбүрлеп емдеуге жолдауды, жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алуды реттеу жөніндегі жұмыс жалғасады.

Мәдениет, ақпараттық кеңістік, спорт және туризм

2002 жылы мәдениет саласындағы міндеттер мыналар болады:

мәдениет саласының нормативтік-құқықтық базасын одан әрі дамыту, мәдениет объектілерінің жұмыс істеуі үшін экономикалық жағдайлар жасау және оларды

қаржыландыру қағидаттарын жетілдіру;

Мұрағат ісін дамыту бағдарламасын іске асыру. Автоматтандырылған мұрағат технологияларын пайдалану арқылы құжаттарды жинақтаудың, жүйелеудің және іздестірудің қазіргі заманғы тетіктерін құру басталады;

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік U010550_ бағдарламасын және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру.

Аудандық мәдениет үйлері ірілендірілетін болады. Клуб үлгісіндегі мекемелер тек ірі шаруашылықтардың орталық мекендерінде ғана сақталады. Бүкіл халықты түгел қамту үшін аудандық мәдениет үйлері негізінде бұрынғы автоклубтар үлгісі бойынша жаңғыртылған құрылымы және тиісінше әлде қайда кең мүмкіндіктері бар жылжымалы мүмкіндікті мәдени-тынығу кешендерін (МТК) құру болжануда.

Этностардың өзін-өзі тануы мен қалыптасуында салт-дәстүрлерді сақтау және байыту әрі мәдениеттің өзіндік құндылықтары арқылы тарихи-мәдени мұра ескерткіштеріне ерекше мән беріледі. Ескерткіштер жинағын құрастыру, Тараз қаласының 2000 жылдығын мерекелеу шеңберінде тарих пен мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру жөнінде жұмыс жалғасатын болады.

Ақпараттық кеңістік саласындағы негізгі міндет газеттер мен журналдар арқылы, сондай-ақ телевидение мен радио хабарларының мүмкіндіктерін пайдалану электрондық та, баспа бұқаралық ақпарат құралдарында да ақпарат тасқынын ұлғайту арқылы реформалар саясаты мен стратегиясын кең түсіндіру.

Дене тәрбиесі мен спортты дамыту Республикада дене тәрбиесі мен спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік U010570_ бағдарламасына және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар P010462_ жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Негізгі күш-жігер бұқаралық дене тәрбиесін, оның

материалдық-техникалық базасын одан әрі дамытуға, спорт резервін және халықаралық сыныпты спортшылар дайындауға бағытталады.

2002 жылы халықаралық туристік рынок үшін сапалы, бәсекеге қабілетті туристік өнім өндіруге және өткізуге қабілетті туризм индустриясын құру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Туристік саланы дамыту мақсатында мынадай іс-шаралар белгіленген:

Туристік өнімнің әлемдік рынокқа жылжуы үшін маркетингтік стратегияны жасау;

"Жібек жолы - Қазақстан" жыл сайынғы халықаралық фестивалін өткізу;

мәртебелі халықаралық жәрмеңке-көрмелерге қатысу;

туризмде сақтандыру жүйесін ретке келтіру;

туризм проблемалары бойынша ғылыми орталық, сондай-ақ туристік ақпараттық орталық құру.

7. Қоршаған ортаны қорғау

Қоршаған ортаны қорғау саласының негізгі проблемалары: өнеркәсіптік қалалардың атмосфералық ауасының ластануы, су ресурстарының шектеулілігі және сапалы ауыз судың тапшылығы жағдайында сумен жабдықтау көздерінің ластануы, жайылымдар мен жыртылатын жерлердің тозуы, өндіріс және тұтыну қалдықтары көлемін барған сайын ұлғаюы, ормандар мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жетімсіздігі болып қала береді.

2002 жылы Үкімет үйметаулар, қалдықтар, аңғарлар және бұрғылау ұңғымалары әсер ететін экологиялық қауіпті аймақтар қалыптасатын пайдалы қазбалар кен орындарын барлау және пайдалану кезінде топырақтың ластануын бақылауды күшейту жөнінде шаралар қолданатын болады.

Радиоактивті қалдықтарды кәдеге асыру және көму, оның ішінде бұрын уран өндірген кәсіпорындар аумақтарын қайта оңалту проблемалары шешіледі. Суармалы егіс телімдерінде жерлердің тұздануы мен батпақтануы процесін болдырмау жөнінде шаралар қолданылады.

Орман ресурстарының өсімін молайту, орманды қалпына келтіру табиғи және жасанды әдістерін пайдалану негізінде олардың өнімділігін арттыру, орман зиянкестері мен ауруларымен табысты күресу, орман өрттерін болдырмауды жүзеге асыру үшін республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттары есебінен қаржыландыруды ұлғайту жоспарланады.

Экологиялық туризм мен рекреацияны дамыту жөніндегі жұмыс жүргізіледі.

Экологиялық және табиғат қорғау бағдарламалары көздерінің барлық түрін оңтайлы пайдалану, транс шекаралық әлеуметтік экологиялық проблемаларды шешуге халықаралық қорларды, заемдар мен гранттарды тарту, жобаларды тең қаржыландыру, республика бекіткен халықаралық экологиялық конвенциялар бойынша республиканың халықаралық міндеттемелерін орындау жөніндегі жұмысты жалғастыру болжануда.

8. Аймақтық даму

2002 жылы аймақтық саясат "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Z010148_ Заң шеңберінде жүзеге асырылатын болады. Қазақстан Республикасының аймақтық саясат тұжырымдамасы әзірленеді.

Аймақтарда жаңа өндірістер құру, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету және тіршілік ету жүйелерін дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру және халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін көтеру шаралар қабылданады.

Стратегиялық және индикативтік жоспарларды, сондай-ақ әлеуметтік саланы дамытуға, кедейлікпен және жұмыссыздықпен күреске, шағын және орташа кәсіпкерлікті дамытуға, табиғи ресурстарды теңгерімді пайдалануға және қоршаған ортаны сауықтыруға бағытталған аймақтық бағдарламаларды жүзеге асыруда жергілікті атқарушы органдардың ролі артады. Әлеуметтік көмектің мөлшері мен түрлерін анықтау бөлігінде әкімдердің өкілеттігі кеңейтіледі.

Шағын қалалар мен тоқырауға ұшыраған ауылдық аудандарды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

"Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" мемлекеттік

U010574_

бағдарламасын іске асыру жалғастырылады.

Аймақтық инвестициялық бағдарламалар елді мекендердің тіршілігін қамтамасыз ету объектілерінің ырғақты жұмысын қолдауға және шағын кәсіпкерлікті дамытуға, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын қайта жаңартуға бағытталатын болады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 14 қыркүйектегі
N 1199 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының
2002 жылға арналған индикативтік жоспары

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының
2002 жылға арналған негізгі көрсеткіштерінің болжамы

Көрсеткіштер	2001 ж.	2001 ж.	2002 ж.	2001 ж.	2002 ж.
есеп бағалау	болжам	2000	2001		
	жылға	жылға			
	%-бен	%-бен			

Әлеуметтік-демографиялық

көрсеткіштер

Халықтың жалпы саны (орташа жылдық), мың адам 14869.1 14847.8 14848.5 99.9 100

Экономикада жұмыс істейтіндердің саны (орташа жылдық), мың адам 6200.1 6295.2 6416.4 101.5 101.9

Жұмыссыздық деңгейі, % 12.8 11.3 9.9

Зейнеткерлердің саны (орташа жылдық), мың адам 1881.2 1796.7 1726.9 96 96.1

Орташа жылдық есептік көрсеткіш, теңге 725 775 823 106.9 106.2

Жалақының ең аз мөлшері 2680 3484 4200 130 120.6

Кедейлік шегінің мөлшері, (орташа жылдық) 1508 1812 2020 120.2 111.5

Кедейлік шегі деңгейінен төмен тұрып жатқан адамдардың саны 1941 1875 1560 96.6 83.3

Оқып жатқандардың саны - барлығы, мың адам: 3613.7 3670.2 3714.6 101.6 101

оның ішінде:

мемлекеттік мектептерде, кәсіптік мектептер мен колледждерде 3320.1 3343.2 3387.6 100.7 101.3

мемлекеттік жоғары оқу орындарында 293.6 327 327 111.4 100

Көрсеткіштер 2000 ж. 2001 ж. 2002 ж. оның ішінде:

есеп бағалау болжам 1 т. 2 т. 3 т. 4 т.

Негізгі капиталға

инвестициялар,

млрд. теңге 595.7 775.6 930.7 193.0 222 268.4 247.3

Тауарлардың экспорты,

млн. АҚШ

долл. 9615 9740 10356 2382 2589 2900 2485

Тауарлардың импорты, млн. АҚШ долл.	6850	8360	9447	2315.0	2362.0	2418.0	2352.0
Өнеркәсіптік өнімнің (жұмыстардың, қызмет. тердің) көлемі, млрд. теңге	1761.5	2091.1	2449.6	579	561	613	697
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	801.5	984.9	1202.9	269.6	252	312	369
Өңдеу өнеркәсібі	798.8	926.6	1050.4	253	266	261	271
Электр энергиясын, газ бен суды өндіру және тарату	161.2	179.7	196.3	56	43	40	57
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, млрд. теңге	403	452.2	481	38	66.4	252.5	124.1
оның ішінде: өсімдік шаруа. шылығының өнімі	223.5	243.1	249.6	3.5	10	188.4	47.8
мал шаруашылығының өнімі	179.0	209.1	231.4	34.5	56.4	64.1	76.3

таблицаның жалғасы

Көрсеткіштер	2001 ж.	2002 ж.
	2000	2001
	жылға	жылға
	%-бен	%-бен

Негізгі капиталға инвестициялар, млрд. теңге	124	120
Тауарлардың экспорты, млн. АҚШ долл.	102.5	106.3
Тауарлардың импорты, млн. АҚШ долл.	110.8	115

Өнеркәсіптік өнімнің
(жұмыстардың, қызмет.
тердің) көлемі,
млрд. теңге 113.5 111
Тау-кен өндіру
өнеркәсібі 115.7 113.2
Өңдеу өнеркәсібі 112.7 107.8
Электр энергиясын,
газ бен суды өндіру
және тарату 106.2 104.6
Ауыл шаруашылығының
жалпы өнімі,
млрд. теңге 102.1 100.1
оның ішінде:
өсімдік шаруа.
шылығының өнімі 101.5 100.0
мал шаруашылығының
өнімі 102.6 100.2

Көрсеткіштер 2000 ж. 2001 ж. 2002 ж. оның ішінде:

есеп бағалау болжам 1 т. 2 т. 3 т. 4 т.

Маңызды макроэконо.
микалық көрсеткіштер
Жалпы ішкі өнім
(ЖІӨ), млрд. теңге 2596 3044 3499 729 848 1010 912
нақты өзгеру, тиісті
кезеңге % 109.6 110.2 107 106.5 106 108 107
тұтыну бағасының
индексі, %
кезеңнің аяғында 9.8 6.8 6.5 2.3 1 0.0 3.1
бір жылда орташа
есеппен 13.2 8.4 6.2
Теңгенің АҚШ
долларына бағамы
кезеңнің аяғында 145.4 150.5 157.5 153.4 154.6 155.1 157.7

бір жылда орташа есеппен	142.4	147.1	154.6
Мемлекеттік бюджеттің кірістері, ЖІӨ-ге %-бен	22.6	24.9	21.53*
Салықтық түсімдер, ЖІӨ-ге %-бен	20.2	21.99**	19.93
оның ішінде:			
Ұлттық қорға түсетін түсімдер	2.5	1.0	
Салыққа жатпайтын түсімдер, ЖІӨ-ге %-бен	1.49	1.98	1.3

* жекешелендірусіз; ** оның ішінде бір жолғы түсетін түсімдер ЖІӨ-ге 0,76%

Көрсеткіштер	2001 ж. есеп	2001 ж. бағалау*	2002 ж. болжам	2001 ж. 2000 жылға %-бен	2002 ж. 2001 жылға %-бен
--------------	--------------	------------------	----------------	--------------------------	--------------------------

Монетарлық шолу

Таза сыртқы активтер, млрд. теңге	302.7	382.9	449.8	126.5	117.5
Таза ішкі активтер, млрд. теңге	- 167.6	-257.8	-274.3	-	-

Ақшалай агрегаттар

Ақша базасы, млрд. теңге	134.4	154.2	174.5	114.7	113.2
Ақша массасы, млрд. теңге	397	550.9	652.3	138.8	118
Ақшаның айналым жылдамдығы	6.54	5.53	5.29	-	-
Монеталау деңгейі	15.3	18.1	18.9	-	-

* - ҚРҰБ-ның 2001 жылдың аяғындағы таза сыртқы активтер мен таза ішкі активтерін бағалау Ұлттық қордың активтерін есептемей келтірілген

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК